

**1995 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелерінде тіркеуге алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің 2012 жылғы 9 ақпандағы N 2-09 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 24 ақпанда N 2-15-115 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 05 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" N 371 қаулысына сәйкес, азаматтарды әскери есепке алу, олардың санын анықтау, әскери қызметке жарамдылығын және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырылушыларды алдын-ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында аудан әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды Райымбек ауданы, Кеген селосы Бауыржан Момышұлы көшесі N 18 мекен-жайында орналасқан "Алматы облысы, Райымбек ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Ауылдық (селолық) округтердің әкімдері және ұйымдардың басшылары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі белгілеген мерзімде "Алматы облысы, Райымбек ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілердің тізімін берсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Байедилов Талғат Ескендірұлына жүктелсін.

4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Медеуов*

КЕЛІСІЛДІ:

*" Алматы облысы, Райымбек  
 ауданының Қорғаныс істері  
 жөніндегі бөлімі" мемлекеттік  
 мекемесінің бастығы,  
 Әбілғазиев Нұрдаулет Пазылжанұлы*

*подполковник*

09 ақпан 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК